



Ембі Тыңысы

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІН МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің терең-тендігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК АРДАГЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР!

*Баршаңызды 1-мамыр
Қазақстан халқының бірлігі күнімен
құттықтаймыз!*



Дана халқымыз ежелден ынтымақ пен бірліктің орнын ерекше бағалап, «Бірлік болмай тірлік болмас» деп түйіндеген. Ал, бұл күн арнайы мейрам ретінде 1996 жылдан бастап аталып келеді. 1995 жылдың 18-қазанындағы Жарлық бойынша 1-мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланған болатын. Береке мен татулықты биік ұстаған халқымыз үшін бұл күннің орны ерекше.

Бұл - ел бірлігін, ұлттар достығын паш еткен айрықша күн. Тәуелсіз қазақ еліндегі әр түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сыйластығын, татулығын артыратын құндылыққа толы күн.

Алтай мен Каспий арасын жалғаған ұлан-байтақ жерімізде 136-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті тіршілік кешіп жатыр. Ел аумағында ішкі саяси тұрақтылық орын алғып, ұлтаралық қатынастар реттеліп отырады. Қазақ елінде әрбір ұлттың өзінің салт-дәстүрін сақтауға, насхаттауға, мәдениеті мен әдебиетінің қарыштап дамуы жолында іс-шараларын үйимдастыруға барлық мүмкіншілік жасалған.

«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» деген қафиданы ту еткен «Ембімұнайгаз» АҚ-да бүгінгі таңда бес мыңға жуық адам еңбек етіп жатса, олардың 97% – жергілікті ұлт өкілдері, 3% – орыс, украин, неміс, башқұрт, татар, корей, қырғыз ұлт өкілдерінен. «Діні мен тілі басқа, тілегі бір» бірнеше ұлт өкілдері бір шанырақ астында – Ембі өндірісінде жиналып, табысты еңбек етуде. Ең бастысы, ұлтаралық татулықтың нәтжесінде бүгінде еліміз тыныш, жұрттымыз аман. Осы берекеміз бұзылмағай деп тілейміз. Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдерінің айнымас достығына сызат түспесін.

Тұган Отанымыз – тәуелсіз Қазақстанның тұрақтылық пен бейбітшіліктиң мекеніне айналдыру жолындағы еңбектеріңізге толагай табыс тілейміз!

Береке-бірлігіміз арта берсін, агайын!



БАС КОМПАНИЯЛАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫң ҮНДЕУІ ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Біз Қазақстанның барлық дерлік өнірлерінде күрделі және ықтимал қауіпті жұмыстарды орындағанда отырып, ірі мұнай компаниясында жұмыс істейміз. 2020 жыл біздің сала үшін оңай болған жок, бірақ, барлық сын-қатерлерге қарамастан, біз өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін едәуір жақсарттық.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастырына (IOGP) кірген сәттен бастап алғаш рет жақақттылық және жол-көлік оқиғаларының коэффициенттері IOGP орташа салалық көрсеткіштерінен төмен болды. Бұған ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің көп жылғы мақсатты жұмысы, Директорлар кеңесінің көшбасшылығы мен қолдауы, үздік салалық практикаларды енгізу ықпал етті.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ компаниялар тобының тарихында алғаш рет жыл еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларсыз аяқталғанын ерекше атап өтү қажет.

Біздің өндірістік объектілерімізде қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін ұлken ұжымның әрбір қызметкеріне алғысымды білдіргім келеді.

Дегенмен, бұлтыр жазатайым оқиғалар мен жазатайым жағдайлар орын алғандықтан, бүгінгі таңда біздің алдымызда ортақ міндет тұр – кем дегенде, біздің көрсеткіштерімізді ағымдағы деңгейде сақтап, оларды үнемі жақсарту. Болашақта біздің бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өмір мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау саласында жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін.

Бекітілген Экологиялық саясатқа сәйкес ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын сақтайды.

Біз экологиялық жауапты бизнес жолын ұстануды жалғастырамыз, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытамыз, барлық мұдделі тараптармен диалог жүргіземіз. Нәтижесінде, ҚМГ Ресейдің WWF, Ұлттық рейтингтік агенттік пен Creon Group тәуелсіз сарапшыларының бағалау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде қатарынан 4 жыл 1-ші орын алуда.

Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық Кодексі қабылданды. Ел декарбонизациялауға және экологиялық талаптарды күшейтуге бет бұрды, ең озық қолжетімді техникаға көшу және қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту нормалары енгізілуде.



Экологиялық Кодексі қабылданды. Ел декарбонизациялауға және экологиялық талаптарды күшейтуге бет бұрды, ең озық қолжетімді техникаға көшу және қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту нормалары енгізілуде.

Осыған орай, экологиялық қауіпсіздікке назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға тиетін әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптарға және жаһандық үрдістерге сәйкестік үшін шаралар қабылдау мақсатында, мен «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ компаниялар тобы бойынша 2021 жылды Экология жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады.

Коронавирустық инфекция пандемиясының таралу қарқының жалпы төмөндеуіне қарамастан, ол әлі де адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді және кәсіпорындардың, оның ішінде біздің кәсіпорындардың қызметіне белгілі бір шектеулер қояды. Сондықтан да, ағымдағы жылы бәрімізге профилактикалық шаралар мен санитариялық талаптарды орындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық қызметкерлерімізді халықты вакцинациялау жөніндегі мемлекеттік науқанға белсенді қатысып, мүмкіндік пайда болғаннан кейін коронавируска қарсы екпе алуға шақырғым келеді.

Біздің қызметкерлеріміз – «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ үшін ең жоғары құндылық, сондықтан да, біздің басты міндетіміз – кәсіпорындардың жұмыс істейтіндердің барлығының өмірі мен денсаулығын сақтау.

Әрқайсымыз еңбек күнінен кейін отбасымызға аман-есен оралуымыз үшін сіздерді өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың қарапайым қағидатын сақтауға шақырамын.

А. АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ
Басқарма төрагасы

ТАҒАЙЫНДАУ

ЕМБІДЕ ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУ

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры болып Қуандық Мәдениетұлы ҚАЛИДУЛЛИН тағайындалды.



Айта кетейік, Қуандық Мәдениетұлы Ембіде үзендейдінде аталған саланы басқарған болатын.

Еңбек жолын 2000 жылды «Өзенмұнайгаз» ААҚ мұнай кәсіпшілігі жабдығының слесарь-жөндеушісі болып бастады. Кейінгі жылдары Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасының слесарь-жөндеушісі, заңгері, «Өзенмұнайгаз» ӨФ әлеуметтік даму департаментінің маманы, бас маманы, директордың орынбасары, «Өзен-Елес» ЖШС директорының орынбасары, директоры, «Ембімұнайгаз» ӨФ әлеуметтік саясат департаментінің әлеуметтік қамту бөлімі бастығының орынбасары, бастығы, «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат департаментінің әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы, әлеуметтік саясат департаментінің директоры болып еңбек етті.

Осы уақытқа дейін «KMG EP-Catering» ЖШС Бас директорылаузында қызмет атқарды.

ИГЕРУДІЦ БАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ҚАМТУ




Өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындары үшін өзекті мәселе оларды игеру тиімділігін арттыру болып табылады. Тұтқырлығы жоғары мұнай кен орындарын игеру үшін қандай тәсілдер мен технологиялар енгізіліп жатқаны және компания горизонталды үңғымаларды бұрғылаудан алған нәтижелері турали «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының геология және игеру жөніндегі орынбасары Қайрат ӘДІЛБЕКОВПЕН сұхбатында баяндалмақ.

◆ **Қайырлы күн, Қайрат Әділбекулы! Оқырманнан арттыру тұтқырлығы жоғары мұнай кен орындарын игеру үшін Компанияда қандай тәсілдер мен технологиялардың енгізіліп жатқанын айтып отсанң.**

Өздеріңізге белгілі, өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындарында, әдетте, мұнайдың салыстырмалы түрде төмен тұтқырлығымен және серпімді су айдау режимінде игерілуімен сипатталатын жоғары өткізгіш қабаттарда шоғырланған «женіл» қорлар бірінші кезекте таусылады. Мұндай жағдайларда мұнайды қайта өндіру әдістерін колдану арқылы қабаттың мұнайбергіштік коэффициентінің артуына ықпал ететін әдістер ерекше өзектілікке ие болады. Осында технологиялардың бірі – полимерлі суландыру.

Полимерлі суландыру қабатқа химиялық әсер ету әдісіне жатады. Әдетте басқа сұйықтарға тән, полимерлі қоспа қабатқа айдалған кезде, өткізгіштік жоғары қабаттармен, яғни, қарсылық күштері аз бағытта жүргүре тырысады. Осы ретте екі әсердің үйлесімін жасайды, олар – мұнайды итеруші агенттің тұтқырлығын арттыру және сұйықтың ағынының динамикалық әртектілігін азайту арқылы кеуекті ортаның өткізгіштігін төмендету. Осының салдарынан қабатты полимерлі қоспанен тоғытудың қамту көлемі ұлғаяды. Бұл жерде полимерлі қоспаның негізгі ерекшелігі тек судың тұтқырлығын арттыру емес, сонымен қатар, қабаттың өткізгіштігін азайту.

Полимерлі суландыру тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ (ТӨС) жобасы 2019 жылдың тамыз айында Кенбай кен орынның Ш.Молдабек



2 сурет. Горизонталды үңғыманы жоспарлау.

2 суретте 2021 жылдың бұрғылауға жоспарланған горизонталды үңғыманың жалпы сипаттамасы көрсетілген. Горизонталды секцияның бағанасы, алдымен, төменгі аралық қабатшада, кейін жоғарыға қойнауқатқа шығатындағы өткізгіштік жағдай да көрсетілген.

учаскесінде мұнайы ауыр және жоғары тұтқырлықпен сипатталатын М-II горизонтында жүзеге аса бастады. Мұндай кен орындарын су айдау арқылы игеру он нәтиже бермей келеді және тәжірибе көрсетіп отыргандай, мұнай ондіру үңғымаларының «агрессивті» сулануына экеліп отыр.

Айдау үңғымаларын таңдау және полимер қоспасының онтайлы концентрациясы бойынша аукымды талдау жұмыстары мен зертханалық зерттеулер жүргізілді. 2 сұйықтық айдаушы үңғымалар және солардың ықпалында болатын 15 ондіруші үңғымалары бар пилоттық участке іріктелді.

Участкениң ауданы - 542,5 мың м²., терендігі – 165 м, койнауқаттық жағдайдағы мұнайдың тығыздығы мен тұтқырлығы – тиісінше 0,893 г/см³ және сәйкесінше 217 сП, температурасы – 25 оС, өткізгіштігі 502 мД. Сондай-ақ, 2021 жылы «КМГ Инжениринг» ЖШС біздің компанияның тапсырысы бойынша Кенбай кен орны Шығыс Молдабек участкесінде тұтқырлығы жоғары мұнайын игеру бағдарламасын әзірледі. Оның ішінде, полимерлі суландырудан басқа бірқатар технологиялар бар. Атап айтсак, ыссы су айдау, горизонталды үңғымаларды бұрғылау, үңғымаларды жоғары құм шығару деңгейін арқылы пайдалану, бір үңғыманы бір мезгілде бірнеше қабатты игеруге пайдалану технологиясы. Соңғы атап өткен технологияны ТӨС өткізу жұмысының биыл бастауды жоспарлап отырмыз.

◆ **«Ембімұнайгаз» АҚ бірнеше жыл үрьең горизонталды үңғымаларды бұрғылауга батыл кірісе бастауды. Бұл бағытта компания қандай жетістіктерге жетті?**

Біз бұл горизонталды үңғымаларды бұрғылау технологиясын енгізуі ең алдымен, мұнайға қанықкан қабаттарды ашу деңгейін ұлғайту арқылы көмірсүтек қорларын игеру мен ондіру деңгейін арттыруды мақсат етіп койдық. Бұл өз кезегінде үңғымалардың өнімділік коэффициенті мен дренаждау аумағының өсуіне әкеледі.


Гидродинамикалық зерттеулер қорытындысымен, Шығыс Уаз кен орнынағы №111 үңғыманың мұнай өнімділігінің орташа коэффициенті 72,5 (м³/тәул)/атм құраса, сол Ю-III қабатындағы вертикальды үңғыманың орташа өнімділік коэффициенті 9 (м³/тәул)/атм құрайды. Сәйкесінше, бұл кен орны бойынша горизонталды үңғыманың өнімділік коэффициенті вертикальды үңғымаларға қарағанда 8 есе артық.

2020 жылы Гран кен орнында №78 көлденен үңғыма бұрғыланды. Оның ерекшелігі – бұл «ҚазМұнайГаз» ҮК» АҚ компаниялар тобы бойынша бұрғыланған алғашқы ең ұзын көлденен үңғыма (қабатты ашу ұзындығы 941м). Сонымен қатар, 2020 жылы Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында Н-1 үңғымасы бұрғыланды. Үңғыма жоғары тұтқыр мұнаймен сипатталатын Альб-1 тайыз койнауқаттына терендігі 230м-ге бұрғыланды.

Былғы жылы қазылып жаткан кейір үңғымалардың траекториясы күрделеніп кетті. Олар екі мұнай қойнауқатымен өтетін болады. Горизонталды оқпан алдымен бірінші қойнауқат арқылы өткізіліп, содан кейін екінші қойнауқатты тиімді аша алады. Бұл тәсіл екі әртүрлі қабатта орналасқан қойнауқаттарды максималды қамту арқылы игеруге мүмкіндік береді.

Алғашқы сәтті қазылған горизонталды үңғымалар қорытындысы біз таңдаған бағыттың тиімділігін көрсетті. Сондықтан, жыл сайын горизонталды үңғымалар санын көтеруді жоспарлап отырмыз. Яғни, 2019 жылы 4 горизонталды үңғыма бұрғыланса, 2020 жылы – 9, ал, 2021 жылы 14 горизонталды үңғыма бұрғылау жоспарлануда.

◆ **Сұхбатыңызға рахмет!**



1 сурет. С. Балғымбаев кен орнының 242 үңғымасындағы соңғы геонавигациялық модель

1 суретте С. Балғымбаев кен орнының 242 үңғымасындағы соңғы геонавигациялық моделі (I-Неоком горизонты) көрсетілген. Үңғыманы бұрғылаудың барлық кезеңінде онлайн режимінде тұракты бақылау жүргізілді. Нәтижесінде, көзделен қабаттың вертикальды қалындығы 2-3м болуына қарамастан, горизонталды оқпанның ұзындығының (348 м) 80%-дан астамы мұнайға қанықкан болып шықты. Бұрғылау кезінде тиісті түзетулер енгізілгенде, үңғымалар оқпаны I-неоком мен апт-неоком қабаттарының арасындағы сазды қабатқа түсереді.



ҚҰРМЕТТИ ӘРІПТЕСТЕР!

Елімізде эпидемиялық ахуалды бағалау матрицасына, яғни, қауіпті індет жүқтүрғандар санының тәуліктік көрсеткішіне байланысты бүгінде Атырау облысы әлі де «қызыл» аймақта тұр. Бұл облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орган тарапынан коронавирус індетінің таралуының алдын алу бағытындағы сақтық шараларына қарамастан, пандемия күшін жоймай отырғандығын көрсетеді. 23.04.2021 ж. күнгі дерек бойынша тәулік ішінде облыс бойынша 133 адам COVID-19 вирусын жүқтүрған. Сондықтан, вирустың таралуын тежеп, қалыпты өмірге оралудың, бетпердесіз жүрудің жалғыз жолы – вакцина алу. Вакцина алу жөнінде бүгінгі күні халық арасында көптеген қауесет әңгімелер тарауда.

«ЖІІ КЕЗДЕСЕТІН ТУСІНІКТЕР»

- «Коронавируспен адам денесіндегі иммунитет еш екпесіз, өздігінен күресуі керек», «табиғи иммунитетті қалыптастыру қажет»
 - «Бұл – жаңа вакцина»
 - Вакцинаалған адам COVID-19-пен ауырмайды
 - Коронавируспен ауырған ададамдарға вакцина салу қажеттілігі туындаиды
 - Вакцинадан кейін маска тақпай жүргуге болады
 - Вакцина мутацияланған - бриятандық, braziliyallық және оңтүстік африкалық коронавирустан сақтамайды
 - Вакцинация иммунитетті әлсіретеді, сал ауруына шалдықтыруы, бедеулікке, аутизмнің дамуына әкеп соғуы мүмкін және т.б.

ВАКЦИНА ӘЛЕМДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ?

Тарихқа көз салсақ, вакцинациялау медицинаның ең улкен жетістіктерінің біріне айналды. Жаппай екпе егудің сәтсіз тәжірибесі жоқ. Дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымының дерегінше, адамзат осы күнге дейін шешек, менингит, дифтерия, сіреспе, қызылша, полиомиелит сынды аурулардың емін екпеден тапқан.

Шешек - шешек дерті вакцинацияның арқасында бүкіл әлемде жойылып кеткен жалғыз ауру саналады. Бул аурумен адамдар біздің дәүірімізге дейін ауыра бастаған. XVIII ғасырда Еуропада жыл сайын 400 мың адам қайтыс болды және бұл соқырлықтың барлық жағдайларының үштен біріне себеп болды. XX ғасырдың өзінде шешек 300 миллион халықтың өмірін қиды.


Полиомиелит. 1900 жылдардың басында полиомиелиттен жыл сайын 100 мындаған адам қайтыс болған екен. 1950 жылы ауруды қайтаратын екі түрлі вакцина ойлап табылды.

Қызылшага қарсы жалпы вакцина енгізілгенге дейін 95 %-дан аса адамдар 16 жасқа дейін бұл инфекцияны жүктыратын болған. Дөртке қарсы егу жұмыстары кең жүргізілгеннен кейін қызылшамен ауру едәүір төмендеді. Ауыр аскыныу орталық жүйке жүйесінің зақымдануына әкелетін аурудан толық сактану үшін 15 жасқа дейінгі балаларға вакцинизация жасау керек.

SARS-COV коронавирусы (ауыр респираторлық синдром) - 2002 жылдың Қытайда тіркеліп, науқастардың 25-26% (әрбір 4-ші адам) қайтыс болды. Дегенмен, коронавирустың сол түріне қарсы вакцина сол кезде шығарылды.

MERS коронавирусы. Коронавирустың кейінгі эпидемиясы араға 10 жыл салып оралды. 2012 жылы жылды Таяу Шығыста аталған синдром пайда болып, вирус жүкшіргандардың 33-35% (әрбір 3-ші адам) көз жұмды. Сол кезде де вакцина қолданылған.

Бұдан басқа холера, дифтерия, жапондық энцефалит, құтыру, сіреспе, сары безек және тағы басқа аурулардың емі – вакцина екенін әлемдік медицина тарихы дәлелдеді.





«Ауырып, ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік»

Әлемде коронавирус пандемиясы жарияланғанына бір жылдан аса уақыт болды. Осы уақыт аралығында миллиондалған адам жақынынан айырылып, мыңдаган адам әлі де пандемияның салдарын көріп жатыр. COVID-19 пандемиясының нақты қашан аяқталып, адамдар қалыпты өмірге қашан оралатыны дәл қазір белгісіз. Сарапылар мен галымдар, дәрігерлер пандемияны тоқтатудың бірден-бір жолы – тек вакцина алу екендігін айтады. Коронавирусқа қарсы вакцина қаншалықты сенімді? Екпе алғаннан кейін қандай әсер болады? Осы мәселе түргысында біз Компаниямыз бойынша алгашиқтардың бірі болып екпе алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрагасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Нұргалиқызы ТАСМАҒАМБЕТОВАМЕН әңгімелестік.

Рысты Нұргалиқызы, сұхбатымызды коронавирусқа қарсы вакцина алудың адам өмірі үшін тиімділігінен бастасақ. Әлемдік сараптылардың мәлімдеуінше, коронавирус жоғел не маусымдық тұмай секілді вирус түрі болып қалуы мүмкін. Оның бәрі вакцинацияның арқасында және көп адам COVID-19-ды жүктірып, ауырып, иммундық қорғаныш қалыптасқаннан кейін болады. Осы орайда, вакцинаның маңыздылығы туралы айттың өтсөніз...

- Иә, сондықтан біздің басты мақсатымыз – барлық қызметкерлерді, соның ішінде, коронавируспен ауырмай, антиденелер қалыптаспаған жұмыскерлерге дөртке қарсы вакцина алудың маңыздылығын түсіндіру. Өйткені, бұл біздің жұмысқа қабілеттілігімізге, өндірістің тоқтаусызы жұмыс жасауына және, ең бастысы, қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен денсаулығына тікелей әсер етеді. Ал, еліміз, соның ішінде, Атырау облысы бойынша күн санап вирус жүктырған адамдар саны азаймай отыр.

Вирус жаңа. Сәйкесінше, осы дөртке қарсы вакцина да енді салына бастады. Сондықтан, оның әсері туралы қоғамда көптеген алыпқашпа әңгімелер тарауда. Әрине, қорқыныш бар. Дегенмен, аурудың қайсыбір түрінен қорғану үшін вакцина қабылдайсың. Бұл – адамзат тарихында қалыпқа енген тәжірибе. Бала дүние келгеннен кейін туберкулез ауруына қарсы екпе алады. Дәл сол сияқты, бұл вакцина да осы індеттен қорғанудың, оның таралуының алдын алудың бір жолы деп есептеймін.

Вакцина екі компоненттен тұрады. Олар организмге түскенен кейін вирусты жоятын иммундық ақызы пайда болады. Атап өтерлігі, вакцина құрамында уландырыш заттар жоқ. Ең маңыздысы, 2 компонентті де жібермей, алуға шақырамын.

Қазақстанда вакцинация ерікті түрде жүргізіледі. Кез келген адам өзін, отбасын, жұмыс жасайтын ортасын қорғау үшін вакцина алу керек деп есептеймін. Осы мақсатта мен де отбасыммен бірге ерікті түрде ресейлік Спутник V вакцинасын алдым.

- Бізге вакцина алуға қалай жазылуға болатыныны сұрап әріптестеріміз жіңі хабарласады. Сіз екпе алуға қалай жазылдыңыз?

Справка о прохождении медицинского обследования		Образец медицинской справки	
Владимирская область, г. Киржач, ул. Красноармейская, д. 10, кабинет № 10		Справка о прохождении медицинского обследования	
Фамилия, имя, отчество: Григорьев, Евгений Николаевич		Справка о прохождении медицинского обследования	
Пол: Мужской Дата рождения: 19.08.1981		Справка о прохождении медицинского обследования	
Адрес: г. Киржач, ул. Красноармейская, д. 10, кабинет № 10		Справка о прохождении медицинского обследования	
Номер телефона: +7 (910) 123-45-67		Справка о прохождении медицинского обследования	
Причина обращения:		Справка о прохождении медицинского обследования	
Симптомы:		Справка о прохождении медицинского обследования	
История болезни:		Справка о прохождении медицинского обследования	
Лечение:		Справка о прохождении медицинского обследования	
Результаты лабораторных исследований:		Справка о прохождении медицинского обследования	
Документы:		Справка о прохождении медицинского обследования	
<input type="button" value="Скачать"/> <input type="button" value="Отмена"/>		<input type="button" value="Скачать"/> <input type="button" value="Отмена"/>	
Справка о прохождении медицинского обследования		Справка о прохождении медицинского обследования	

(Екпे алғанды қуәләндүрткын күжат)

- Вакцинаға алуға жазылу кез келген адам үшін қолжетімді. Үйде отырып-ақ, «eGov» жүйесі арқылы тіркелуге болады. Жеке кабинетке кіргенде «Вакцинаға жазылу» арнайы тармағы бар. Кейін қадамдық алгориттің өтіп, мекен-жайыңызды белгілеп, екпе еgetін медициналық мекемені таңдайсыз. Еш күрделілігі жоқ. Өтініш 1 күнде қаралып, әлеуметтік альсташа шараларын ескере отырып, ұялы телефоныңызға вакцинацияның күні, уақыты және орны туралы хабарлама келеді.

Сондай-ақ, екпе алуға жазылудың екінші жолы бар. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының сайтында көрсетілген бірыңғай call-орталықтың +7 (7122) 98 02 92 телефон нөміріне хабарласу арқылы жазылуға болады.

Айта кетерлік жайт, қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» компаниясы қызметкерлерді вакцинациялауға арналған қосымша пункттер ашу мәселесін қарастыруда. Бұл жөнінде қызметкерлерге қосымша хабарланады.

- Вакцина салар алдында дәрігерлік тексеру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді ме?

- Вакцинациялауға профилактикалық егуге қарсы көрсөтілімдері жоқ адамдар жіберіледі. Вакцинациялау алдында дене қызының, жүректің соғы жиілігін, артериялық қысымды өлшей отырып, тыныс алу және жүрек-қан тамырлары жүйесі мен жұтқыншақты, сатурацияны (сүйкіткіштің газбен қамтылуы- ред.) тексеріп, дәрігердің міндетті сауалнамасы және қарап-тексеруі жүргізіледі. Егер дене қызы 37°C-тан асса, вакцинация кейінге қалдырылады. Вакцинация 3 апта аралығымен екі рет жүргізіледі. Енгізілгеннен кейін организм антиденелер шығара бастайды. Тұрақты иммунитет екінші вакцинациядан 21 күн өткен соң қалыптасады.

- Вакцина алғаннан кейін қандай күйде болдыңыз? Кері әсер болған жоқ па?

- Екпеден кейінгі кезең жеңіл түрде өтті, ешқандай қарсы реакция байқалған жоқ.

- Адамдардың вакцинацияланганын дәлелдейтін паспортты алу жөніндегі тәжірибеңізben болиссеңіз.

- Паспорт екпе қабылдайтын халықты бақылау, мониторингілеу және үздіксіз қарau үшін деңсаулық сақтау саласындағы негізгі модуль саналады. Паспорт электронды түрде беріледі. Ол медицина қызметкерлері үшін Деңсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық ресурстары арқылы қолжетімді. Ал, пациенттердің «eGov» порталындағы жеке кабинеттеріне түседі. Атап өту керек, екпе алғанды күеландыратын құжат тек вакцинаның 2 компонентін алғаннан кейін жіберіледі.

- Вакцинацияның электрондық паспортында азамат туралы, ол алған екпенің түрі, егудің кезеңділігі, сондай-ақ, вакцинациядан кейінгі кезеңдегі бақылау туралы ақпарат қамтылады. Яғни, толық медициналық бақылауда боламыз деген сөз.

- Халық арасында «кез келген адам коронавируспен ауырып, емделіп шығып жатыр. Сондықтан, екпе алудың қажеттілігі қандай?» деген сұрақты жиі естіміз. Сіз не айтар едініз?

- Науқастанған адамдардың көбінде ауру құрделі түрде өтетіні белгілі. Және оның салдарынан да әлі күнге зардап шегушілер жиі кездеседі. Мысалы, әріптестеріміздің арасында өткен жылдың жаз айларында ауырып, емделіп шықса да, әлі күнге дейін дәм-иіс сезбей немесе жөтел кетпей жүрген адамдар бар. Ал, созылмалы ауруы бар адамдарға бұл дерптен айығу оңайға соқпайды. Әр адамның организмі, иммундық қабілеті әртүрлі. «Вакцина алған адам мұлдем ауырмайды» деген де – қате түсінік. Ауыруы мүмкін, бірақ, женіл түрде өтеді және денсаулыққа әсер ететіндей салдары болмайды.

Сондықтан, сөз соңында, барлық әріптестерімді вакцина алуға шақырамын. Өзімізді және айналамыздағы жақындарымыз бер әріптестерімізді қауіпті індектен қорғайық!

- Сұхбатыңызға рахмет! Саулықта болайық!



6

2021 ЖЫЛ - ЭКОЛОГИЯ ЖЫЛЫ

Жуырда өлеуметтік желілерде Қошқар кен орны маңындағы тұзды көлдегі 8 ақкуды мұнайшылар құтқарғаны туралы ақпараттар тарады. Жергілікті тұрғындар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері киелі құстардың тағдырына қатты алаңдаушылық білдірген болатын. Мәселенің мән-жайын толық баяндасақ...

Сордың үстіне қонып, қанаттарын тұз басып, ұша алмай, әбден қиналған ақкуларды «ҚазМұнайГаз» Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС №4 бұрғылау бригадасының бастығы Ринат Тоқтабаев бастаған жұмышшылары құтқарды.

Мұнайшылар Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін инспекциясының бастығы Нұрлан Иманғалиевке хабарласқанда, ол ең жақсы шешім оларды тұщы су қоймасына жеткізу болатынын, өйткені, ақкулар үстеріндегі тұзды шайып, табиғи және жайлыш ортасына оралатынын айтты.

Мұнайшылар ақкуларды ұзатып үзүптарады



Осыған орай, «Доссормұнайгаз» МГӘБ жұмышшылары дереу құтқару жұмыстарына кірісіп, Атырау қаласына жақын жердегі Соколок өзенінде бірер сағатта жеткізді.

Осылайша, қасиетті Рамазан айының алғашқы күнінде доссорлық мұнайшылар үлген иғі істі қолға алып, кешке қарай ақкулар үйірімен айданға жіберілді. Киелі құстарды құтқаруға біrkісідей атсалысқан «ҚазМұнайГаз» Бұрғылау» компаниясы мен «Доссормұнайгаз» МГӘБ жұмышшыларына және облысымыздың жанашыр адамдарына алғыс айтамыз.

Түзету

«Ембі тынысы» газетінің 2021 жылдағы №3 санының З-бетінде «Өндірістік бөлімшелердегі қауіпсіз күндер» тақырыбындағы материалда «ӨТҚЖЖК» басқармасындағы жазатайым оқиғасыз күндер саны – 784» дег оқу сұралады. Сөйкесінше, басқарма бұл көрсеткіште – 4-орында.



ҚАЛАНЫ ҚӨГАЛДАНДЫРУ НАУҚАНЫ ҚАРҚЫН АЛУДА

«Ембімұнайгаз» АҚ ҚР Экологиялық Кодексінде атап көрсетілген қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жауапкершілікті үнемі сезініп келеді. Жуырда осындай жауапты істің тағы бір күесі болдық.

«Жылъоймұнайгаз» МГӘБ қызметкерлері Құлсары қаласының еріктілерімен бірлесіп, Е.Халықов атындағы №7 орта мектептің жанында 100 тал отырғызды. Аталған басқарманың кәсіподак үйымының төрағасы Сырымбек Сәрсембаевтың мәлімдеуінше, бұл иғі іс ел Төユелсіздігінің 30 жылдығына және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның келесі жылды атап өтілетін 100 жылдығына орай қолға алынып отыр.

Жалпы, Жылъоймұнайгаз» МГӘБ басшылығынан мекеменің су құятын көлігімен жас көшеттерге су құйып тұруға жәрдемдесуді сұраған болатын. Ұсыныс бірден қабылданып, жас талдарды суару жұмыстары басталып кетті. Бір аптаның ішінде талдар бүршік жарып үлгерді. Енді күтім жасауға керек.

Жастар иғі бастаманы одан әрі жалғастырып, өткен аптада тағы 100 тал қосымша екти.



«ҚазМұнайГаз» АҚ компаниялары тобында жарияланған Экология жылды аясында мұнайлы өлкені қөгальдандырып, көркейту мақсатында жыльюйлықтардың бұл ісі көпке үлгі.

ДОССОР - ҚАЗАҚ МУНАЙНЫҢ ҚАЙНАР ҚӨЗІ

ОСЫДАН 110 ЖЫЛ БҮРЫН - 1911 ЖЫЛДЫН 29 САУІРІНДЕ ДОССОРДАҒЫ №3 ҰҢҒЫДА ҚУАТТЫ МУНАЙ БҮРҚАҒЫ АТҚЫЛАДЫ

1911 жылы гана Ембіде терең бұрғылау жұмыстары басталды. Оның сәтті аяқталғаны Доссорда жүргізілген бұрғылау жұмысы еді.

Бұл тарихи оқиға болды. Себебі, бір тәуліктен астам уақытта, дәлірек айтқанда, 30 сағатта Ембідегі ең бірінші ағылшын акционерлік қорамы «Жайық-Каспий» мұнай қорамы 226 метр төрөндікте қазған Доссордағы дәл осы №3 ұңғымадан 16 мың пүт «қара алтын» өндірілген. Сол кездің өлшемімен есептегендеге, бұл аз өнім емес еді.

Доссор кеңішінің мұнайын өнеркәсіптік игеру де, алғашқы жұмысшы табының қалыштасу кезеңі де дәл сол кезден, яғни, 1911 жылдан бастау алды. Екі жылдан соң Доссорда 2100 жұмысшы тұрақты қесілкө орналасып, Ембі мұнайшыларының қатары 6000-ға жеткен. Ал, Доссор атауын иеленген елді мекенде мұнайшылар қалашының іргесі қаланыш, он түрліндей, сегіз казарма, үш барак, екі асхана мен аурухана, сондай-ақ, монша мен электр станасасы секілді құнделікті тұрмыс пен ыргакты жұмысқа қажетті нысандар бой көтереді.

Есімі елімізге кеңінен танымал геолог-барлаушы Мақаш Балғымбаев «Мұнайлы Ембі» атты кітаптың бұл маңызды оқиғаны байлаша сипаттайты: «Міне, күтпеген жағдай орын алды. бұрқақтан ұшып кеткен тастық тартады барабан шифіне соғылуынан туындаған үшкіннан ерт шықты. Ол ұнының құммен тығындалуының нәтижесінде гана бірнеше күннен кейін тоқтады. Бұрқақ қатты болды».

Доссордағы фонтан осы өңірдің бағалы қазынасын ашты. Қазақ жерінде атқылаган қуатты ауқымды бұрқақ Ембі аудандың келешегінен үлкен үміт күттіріп, оның атагын бүкіл алемге жақын. Ал, «Жайық-Каспий» мұнай қорамы Ембідегі кен орындарының байлығын кеңінен жарнамалады. Сейтіп, бұл мұнай бұрқағы Ембі мұнай өнеркәсібінің, бүкіл Қазақстан мұнайының бастауы болды. Әрине, бұдан кейінгі жылдары барлау жұмыстары аймақтың өзге аудандарында да жүргізілді, бірақ, негізгілері дәл осы жерлерде шоғырланды. Себебі, мұндағы мұнай жер бетіне жақын орналасты.

Доссор мұнай кен орын ашылғаннан кейін Ембі мұнайын барлаушыларға сәттілік серік болды. Доссор 1913 жылы 117,6 мың тонна мұнай берді. 1915 жылы «Нобель» компаниясы тараптан Мақат кен орында бірінші мұнай алдынды. 1914-1915 жылдары аталаған екі кен орында мұнай өндірү алғаш рет 200 мың тоннадан аспын түсті.

Жогарыда аталағы өткендегі, Доссор мұнайы химиялық құрамы мен сапалылығы жағынан құқырт пен парафин мөлшерінің аздығымен ерекшеленді. Демек, Доссор құрылымының мұнайы жеңіл, әрі сапалық, құрамы жогары болуымен де сала мамандарының назарын аудара түсті. Оған дәлел ретінде Доссор «қара алтынына» деген қызығушылықтың, өсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында



да, одан кейінгі кезеңде де арта түскенін айтуда болады.

Жан алысып, жан беріскең Ұлы Отан соғысы жылдарында доссорлық мұнайшылар 12 сағаттық жұмыс кестесімен толассыз мұнай өндірді. Сөйтіп, тылдағы еңбектің көрігін қызыдыра жүріп, майдан даласындағы танктердің іркіліссіз жауга қарсы шабуылдауды үшін жанармайлық мұнайды майданға үздіксіз жөнелтіп отырган.

P.S. Ақын Асқар Тоқмагамбетовтің «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сенен сұрайды ел» деп басталатын өлең жолдары ұдайы мұнайшылар санасында жаңғырып тұрады. Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, Доссор өңірінің әлі күнге дейін мұнай беріп келеді.

Жогарыда аталаған, №3 ұңғыма 12 жыл бойы мұнай берген. Қазақстан-да тұнғыш рет өндірістік негізде мұнай алғынан жерге – Доссордағы №3 ұңғымага ескерткіш белгі қойылып, қазақ мұнайының бастауынан сыр шертетін тарихи орынға айналды.

(Деректер мұрағаттан, «Қайнарбулақ» кітабынан алынды)

К 100-ЛЕТИЮ НЕФТЬЯНОЙ ЭМБЫ

ИЗ СЕКРЕТНЫХ АРХИВОВ НЕФТЬЯНОЙ ЭМБЫ


Приближается 76-летняя годовщина окончания Великой Отечественной войны и мы опять погрузились в архивы истории нефтяной Эмбы, чтобы вспомнить о трудовых подвигах нефтяников военных лет и их весомом вкладе в победу.

Перед самой войной в 1940 году предприятия нефтедобывающей отрасли Казахской ССР – тресты «Эмбнефть» и «Актюбенефть» были объединены на базе Эмбы в «Казахстаннефтекомбинат». Аналогичные изменения организационной структуры были проведены в других союзных республиках, где в рамках постановления Совнаркома СССР «Об организационной структуре Народного комиссариата нефтяной промышленности» от 29 мая 1940 г. были созданы семь нефтекомбинатов, действовавших на хозрасчете: «Азнефтекомбинат», «Грозненефтекомбинат», «Башнефтекомбинат», «Казахстаннефтекомбинат», «Майкопнефтекомбинат», «Дальнефтекомбинат», «Укрнефтекомбинат».

Такая перестройка организации управления привела к созданию в отрасли крупных вертикально интегрированных структур, где концентрировалась работа от этапа поиска месторождений нефти до ее переработки и реализации. Как выражались нефтяники «от нефтяной скважины до бензоколонки». Как показало время, данная структура была наиболее эффективной, особенно в годы войны.

О вкладе эмбинцев в победу написано немало. Сегодня мы заглянем в документы под грифом «Совершенно секретно». В 1942 году немецкая армия продвигалась в глубь страны, шли кровопролитная Сталинградская битва и бои за Кавказ. Фронт требовал много горючего. 23 сентября 1942 года во все нефтекомбинаты страны спускается приказ Наркома нефтяной промышленности СССР о форсировании добычи нефти в районах Волги, Урала, Казахстана и Средней Азии для нивелирования потерь, связанных с прекращением добычи в Майкопе и Грозном.


Для «Казахстаннефтекомбината» ставится план по увеличению среднесуточной добычи с 2850 в октябре до 3 100 тонн в декабре 1942 года. План на 1943 год должен был вырасти с 3200 в январе до 4500 тонн к концу октября. Также поставлены планы по увеличению эксплуатационного бурения – с 45 000 до 51 000 метров в период сентября 1942 года по 1 квартал 1943 года, разведочного бурения – с 41 000 до 39 000 метров, вводу скважин – с 80 до 85.



Этим же приказом все буровое и эксплуатационное оборудование, а также рабочие и служащие Азнефтекомбината и Грозненефтекомбината распределяются по действующим комбинатам страны. В «Казахстаннефтекомбинат» направляются рабочие треста «Старогрозненфть» в количестве 1307 человек, треста «Грозненефтетразведка» - 781 чел., треста «Артемнефть» - 103 человека и 520 эвакуированных работников «Майкопнефтекомбината».

Отдельным пунктом начальнику «Казахстаннефтекомбината» Нифонтову отдается приказ:

- Довести число одновременно работающих станков в эксплуатационном бурении в октябре 1942 года до 26, в разведочном бурении до 30 с ростом к январю 1943 года до 50 и 43, соответственно.
- Увеличить к январю 1943 г. парк буровых станков до 130 за счет переброски 15 станков из Грозненефтекомбината и доукомплектования 38 имеющихся неукомплектованных станков оборудованием и инструментами с кавказских нефтетрестов.
- Обеспечить до конца 1942 года вырезку из законсервированных и ликвидированных скважин 10 тыс. метров обсадных труб для использования их в новых скважинах.
- Закончить к 1 декабря 1942 года строительство и монтаж второй очереди машиностроительного завода им. Петровского.
- Закончить к 1 января 1943 года строительство и монтаж механической мастерской «Электротока» и промысловых мастерских на промыслах Кулсары и Сагиз.
- Построить до конца 1942 года строительство и монтаж и сдать в эксплуатацию: компрессорную станцию на промысле Кулсары, дизельные электростанции на промыслах Сагиз и Кулсары, а также произвести работы по обустройству промыслов на месторождениях Жолдыбай и Нармунданак (ныне – Комсомольское), построив емкости, нефтепровод до ст. Макат, механические мастерские, гаражи и жилые дома.
- Построить узкоколейную железную дорогу Макат-Косчагыл, обеспечив строительство ее на участке Макат – Бек-Бике в декабре 1942 года и на участке Бек-Бике реки Эмба во 2 квартале 1943 г.



Продолжение следует....
Руководитель службы по связям с общественностью
Сулейменова Л.Ж.



БАЙҚАУ! / КОНКУРС!

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫ! ДОРОГИЕ ДЕТИ СОТРУДНИКОВ АО «ЭМБАМУНАЙГАЗ»!

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫ!

1-маусым – Халықаралық балалардың қорғау күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ «Менің бақытты балалық шағым» атты дәстүрлі шығармашылық байқауды жариялады!

Карантин талаптарына сәйкес биыл да байқау онлайн форматында өтеді.

Сіз шығармашылық жұмыстарыңызға, әдептегідей» 3 тақырыпты тандай аласыз:

- Мен ата-анам еңбек ететін Компанияның болашағын қалай көремін?
- Менің өкем/анам ел дамуына қандай үлес қосып жүр?
- Отбасыңызда COVID-19 вирусына қарсы қандай сақтық шаралары қолға алынады?

Байқаудың шарттары:

Байқауға 5 мен 15 жас аралығындағы балалар қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде, әртүрлі жанрда – мақала, репортаж, фотопортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде кабылданады. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарына өмірбаянын (бала туралы қысқаша деректер: нешінші сыныпта оқиды, мекенжайы, сабактан тыс айналысатын қызығушылығы, баланың барлық марапаттары т.б.) қоса жолдаулары тиіс. Сонымен қатар, баланың аты-жөні, «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызмет ететін ата-анаңының аты-жөні жұмыс орны, лауазымы анық көрсетілуі қажет. Шығармашылық жұмыстарды G.Karaanova@emg.kmgep.kz, A.Ertleuova@emg.kmgep.kz электронды пошталарына немесе +77014472137 WhatsApp нөміріне жолдай аласыздар.

Байқау жұмыстары 2021 жылдың 26 сәуір – 24 мамыр күндері аралығында қабылданады. Жеңімпаздарды марапаттау шаrasы маусым айына жоспарланып отыр. Жеңімпаздар Компания басшылығы атынан арнайы дипломдармен марапатталады.

Байқауға түскен шығармашылық жұмыстар жас ерекшеліктеріне қарай үш топпен бағаланады. 5-9 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»; 10-12 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»; 13-15 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

Байқауға түскен шығармашылық жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның электронды корпоративтік «Ембі тынысы» газетінде, Компанияның сайтында - www.emba.kz және әлеуметтік желілөрндегі (Facebook, Instagram, You tube) ресми парақшаларына орналастырылады.

*Сіздерге байқауда женіс тілейміз!
«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі*



ДОРОГИЕ ДЕТИ СОТРУДНИКОВ АО «ЭМБАМУНАЙГАЗ»!

На носу 1 июня – Международный День защиты детей, а это значит, что наша замечательная компания вновь объявляет традиционный творческий конкурс «Мое счастливое детство!».

Из-за карантинных ограничений в этом году конкурс будет вновь проводиться в онлайн-формате.

Как и всегда, мы предлагаем детям выбрать из трёх предложенных тем/номинаций:

- Каким явижу будущее компании, в которой работают мои родители?
- Как мои папа/мама вносят вклад в развитие нашей страны?
- Какие правила предосторожности против COVID-19 предприняты в Вашей семье?

Условия конкурса:

Для участия в конкурсе приглашаются дети в возрасте от 5 до 15 лет. Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются на русском и казахском языках в любом жанре -тексты, видео и фото-репортажи, рисунки, видеоролики (допускаются съемки на мобильные телефоны). Конкурсные работы принимаются с 26 апреля по 24 мая 2021 г. Их следует направить на электронные адреса: G.Karaanova@emg.kmgep.kz, A.Ertleuova@emg.kmgep.kz, либо по номеру WhatsApp: +77014472137. Все работы необходимо сопроводить информацией о себе – полностью указать фамилию имя и отчество, домашний адрес, контактные данные, номер школы и класса, место работы и должность родителей – сотрудников АО «Эмбамунайгаз».

Объявление итогов конкурса и награждение победителей запланированы на июнь 2021 г. Победители будут награждены дипломами от руководства компании.

Работы по каждой номинации будут оцениваться в трех возрастных категориях: «Лучшая работа» в возрасте от 5 до 9 лет; «Лучшая работа» от 10 до 12 лет; «Лучшая работа» от 13 до 15 лет; Все творческие работы будут опубликованы в корпоративной газете «Ембі тынысы», размещены на корпоративном сайте – www.emba.kz и официальных страницах Компании в социальных сетях (Facebook, Instagram, You tube).

Желаем победы в конкурсе!
Служба по связям с общественностью АО «Эмбамунайгаз»

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыйбайластық және лауазымды өкілеттікіт асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда акпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуінгез болады.

*Күпиялыштықта кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті
қауіпсіздік басқармасы*

Газет ҚР Акпарат және коммуникация министрлігінің Акпарат комитеттіңем мемлекеттік тіркеуден отіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г күелігі берілді.

Меншік іесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шыгарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмөндегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

✓ Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.
L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

✓ F.Каражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karaanova@emg.kmgep.kz

✓ A.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Редакциялық кеңес:

- К. Қасымғалиев - Баскарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
- Р.Тасмагамбетова - Баскарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
- Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндірү департаментінің директоры;
- Ж.Мұханғалиев - еңбекті және коршаған органды корғау департаменті директорының орынбасары;
- Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Gerona» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,
Х. Ерғалиев жағалауы бүршісі, 124 кеңес.
Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39